

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде электрондық сауда аландарынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газының шекті бағаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 404 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26180 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2022 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.01.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАЙ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде электрондық сауда аландарынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газының 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызды қоса алған кезеңге арналған шекті бағасы қосылған күн салығын есепке алмағанда, бір тоннасы үшін 38 701,67 теңге (отыз сегіз мың жеті жүз бір теңге алпыс жеті тыын) мөлшерінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнай-газ-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрек 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министри*

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК